

Қазақстандық медицина саласын жана деңгейге көтеруге бағытталған жобалардың бірі – «Денсаулық» бағдарламасы. Үш жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан бұл бағдарламаның да мәреге жетуіне аз қалды. Қызылорда облысында аталмыш бағдарлама аясында ауқымды жұмыстар атқарылды.

БАСТЫ МАКСАТ ҚАНДАЙ?

Денсаулық сақтау – қоғамның әлеуметтік өмірінің маңызды саласы. Бір-неше рет қайта құруларды өткеріп, алдағы уақытта да дамытылуы жоспарланып отырған ұлт денсаулығы – еліміздің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда денсаулық сақтау саласын жетілдіру үшін орасан зор қаржы болғандықтан. Жекеменшік секторды қоса отырып қаржыландыру мен басқарудың жана әдістері енгізілуде, сондай-ақ дәрігерлерді оқыту мен олардың қызығушылығын арттыру бойынша жана кадр саясаты қалыптасып отыр. Сайып келгенде осының барлығы қолданыстағы заң аясында өзара үйлесімділікпен дамып келеді. Ал, «Денсаулық» бағдарламасының басты мақсаты қандай? Ол:

- Қазақстан Республикасы халқы өмір сүруінің күтілетін ұзақтығын 73 жасқа дейін арттыру;

- аналар өлім-жітімін – үш есе, нәрестелердің өлім-жітімін екі есе азайту;

- Қазақстан Республикасы халқының жалпы өлім-жітімін 2009 жылғы деңгеймен салыстырғанда 30%-ға төмендету;

- туберкулезден өлімге ұшырауды 100 мың адамға шаққанда 3,8 адамға дейін төмендету;

- 15-49 жас тобында АИТВ жұқпасының тарау-луын 0,2-0,6% шектерінде ұстап тұруды қамтамасыз ету.

Ендігі міндет – халықтың денсаулығын одан әрі нығайтып, саланы дамыта түсу. Медицинада қордаланып қалған күрделі мәселелерді шешудің қазіргі заманға бейімделген небір оңтайлы тәсілдерін қарастыру – күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Осы мақсатта алдыңғы бағдарламалардың жалғасы ретінде «Денсаулық» бағдарламасы дүниеге келді. Бұл құжат денсаулық проблемаларын шешудің 7 маңызды бағытын қамтиды. Негізгі міндеті – қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамыта отырып, аурулардың алдын алуға бағытталған шараларға көңіл болу. Сондай-ақ, денсаулық сақтау жүйесін бас-қару мен қаржыландырудың тиімділігін арттырып, саланың инфрақұрылымын же-тілд-іруді қоздейді.

